



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

**ШОЛУ ЖАНРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ****Бейсенбекова Әйгерім Бейсенбекқызы***[beisenbekova\\_ab@mail.ru](mailto:beisenbekova_ab@mail.ru)*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика мамандығының

4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – М.Б.Шиндалиева

«Шолу» деген сөз журналистикада сипаттама, қорытынды, қарау, зерттеу деп түсіндіріледі. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы шолудың мақсаты көбінесе басылымдардың ерекшеліктерін, әдеби және шығармашылық белсенділігін, телевизиялық және радио бағдарламалар туралы, аудиторияға олардың мазмұны мен формасы жайлы түсінік беру. Бұқаралық ақпарат құралдарында шолу алғаш баспасөзде жасалды. Бұл жанрдың пайда болуы газеттер мен журналдардың әртүрлілігі, олардың не туралы жазатындығы, газет өнімдерінің ауқымының кеңейуіне байланысты.

Бастапқыда, баспасөздегі шолуды жеке зерттеушілер жасаған, ғалымдар баспасөздің қоғамдағы рөлі мен мүмкіндіктерін түсіндіру, замандастарына осы ұғымды жеткізу үшін қолданған. Шолу тарихын ғылыми түрде зерттеу неміс теологы Агасфера Фричадан бастау алды. Ол өзінің «Шолу жаңалықтары» 1676 жылы Германияда жарық көрген кітабында аталмыш жанрдың өзіндік сипаты жайлы тұжырым жасаған. Басылымдағы ақпараттардың қайсы пайдалы, пайдасызын талқылап көрсеткен. Бұдан кейін шолу жаныры жайлы пікір айтып, тұжырым тиянақтаушы зерттеушілердің қатарына Тертычный, Ворошилов және т.б. ғалымдардың есімі бар. Кейінірек шолуды кітап ретінде ғана емес, басылым беттеріне де шығара бастайды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі еліміздің шолу жанрының тарихын «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Караван», «Деловая неделя», «Панорама» т.б басылымдардан көруге болады.

Журналистикадағы шолу - әмбебап жанрлардың бірі. Оның әмбебаптылығын Е.П.Прохоров типтендіріп көрсеткен болатын. Оның пайымдауынша, шолу жанрын 1) ақпараттық- публицистикалық, 2) сараптамалық-публицистикалық және 3) көріністік-публицистикалық сияқты үш түрлі қырымен жіктеуге болады. Шолу жанрында жарияланған ақпараттар репортер, корреспондент, очерк жазушының нысана объектісі бола алады. Өйткені бұл жанрлардағы элементтер шолу жанрында да кездеседі. Мысалы, презентациялық көрініс - репортаждан, сараптамалық көрініс - корреспонденциядан, мазмұндық бейне – очерк жанырынан алынған. Мұндай әмбебаптылыққа қарамастан, шолудың өзіндік жанрлық ерекшелігі бар. Бірінші ерекшелігі - панорамалық принципіне байланысты жан-жақтылыққа негізделген, табиғаты әртүрлі болғанымен зерттеудің негізін типтік фактілер құрайды. Екінші ерекшелігі - шындық көрнекілік арқылы тұтастай бейнеленеді. Зерттеушілердің пікірінше, осы және өзгеде фактілер мен құбылыстар (репортер, корреспондент, хроника жазушысындағыдай) шолуда жеке қаралмайды, барлығы тұтас бір элемент болып көрсетіледі. Фактінің өзара бір-бірімен байланысы анықталады, олар фактілердің маңыздылығын көрсетеді. Осы ерекшеліктерінің арқасында шолудың тақырыбы мен мазмұны анықталады. Ол заманауи әлеуметтік фактілерді бейнелейді. Оқиғаларды, шындықты және құбылыстарды жариялау кезіндегі сан түрлі көзқарастың арқасында журналист өмір қозғалысын панорамалай алады, оның ішіндегі маңызды ақпаратқа оқырман назарын аудартып, әртүрлі фактілерді қамти отырып, соңында ойды тұжырымдап, бір көзқарасты қалыптастырады. Шолу арқылы өмірдің кез-келген саласын жарыққа шығаруға болады.

Шолушы: аудиторияның қызығушылығын ояту; қоғамдық өмірде орын алып жатқан үрдістер мен оқиғаларды нақты фактімен көрсету; озық пікірлерді дәлелдеу, азаматтардың «жеке стратегиясын» жетілдіру үшін ықпал ету; феномендердің мәнін анықтап, жалған дәлелдерді көрсете алу; маңызды байланыстарды көрсетіп, әлеуметтік жолын түсіндіру үшін

құбылыстардың даму желісін анықтауы тиіс. Осы мәселелерді зерттеу үшін журналист шолудың негізін құрайтын түрлі фактілерге сүйенуі керек. Шолудағы фактілерді топтастырудың өзіндік ерекше сипаты бар. Әртүрлі мәселелерді шешу үшін фактілерге іріктеу жүргізіледі.

Біріншіден, оқырман ойында жарқын сақталатын детальдардың таңдалуы көрнекілік үшін қолданатын фактілер.

Екіншіден, автор салмақты аргументтер арқылы өзі ұстанған позицияны дәлелдеу;

Үшіншіден, іс-шараның панорамасын жасау. Көріп отырғанымыздай, шолуда факті оқиға көрінісінің жарқын бөлшегі ретінде әрекет ете алады, болып жатқан оқиғаны әсерлі, өмірдің маңызды бір элементі ретінде бейнелейді, осы арқылы іс-шараның үлкен ауқымын көрсете алады. Э. Прохоров шолу жазатын журналистер әлемді дүрбімен қарап отырғандай, әр жағдайды өз бақылауында ұстау керектігі жөнінде тегін еске салған жоқ.

Шолу жазған кезде мазмұнына (әлеуметтік-экономикалық, тарихи), құрылымына (күрделі және қарапайым), маңыздылығына (маңызды және маңызды емес) қарай әлеуметтік фактілерді топтастыру керек. Мұндай топтастыру белгілі заңдылықтар мен кең ауқымды қорытындыларға қол жеткізу үшін қажет. Осылайша, фактілерді жүйелеп, оларды түрлері бойынша топтастырып және жан-жақты түсіндірмелер арқылы оқиғаның шынайы бейнесі жасалынады. Фактілерді жинау процесінде шолушы әр кезеңдегі болған оқиғаларға жүгіну керек, сондықтан шолуда әлеуметтік уақыт санаты маңызды. Хронологиялық тұрғыдан зерттеушілер атап өткендей, шолу бірнеше жыл, (тіпті ғасыр), бірнеше ай, бірнеше апта бойы немесе бір-ақ күнде жазылады. «Публицистикалық шолудағы әлеуметтік уақыт – құбылыстарды, оқиғаларды, фактілерді журналистің дұрыс қорытуы әлеуметтік және рухани үдерістердің жоғарлауына септігін тигізеді»[1,89-б]. Уақыт пен кеңістіктегі жан-жаққа шашырап кеткен оқиғаларды жинақтау үшін, шолушы жағдайдың тақырыптық байланыстарын пайдалана алады. Бір тақырыпта біріктірілген біртекті оқиғалар, біріншіден, кеңістіктегі уақытша жақындылыққа ие бола алады, екінші жағынан, олар хронологиялық тәртіпте емес, сыртқы және ішкі қарым-қатынастар мен өзара тәуелділіктер негізінде құрылады. Тек осы әдіс арқылы адам өмірінің белгілі бір кезеңдерін кең әлеуметтік контекстте көрсете алады. Фактілермен жұмыс істеу және олардың кеңістікте уақытша орналасуы сияқты әдістемелер публицистикалық мақалада қолданылады. Бірақ бұл ұқсастықтар сыртқы сипатқа ғана ие. Мақаланың ортасында фактілер емес, оларды зерттеудің қандай да бір үлгілері көрсетіледі. Мақаланы жазған кезде, табылған фактілер айтылмауы да мүмкін. Алайда, шолуда үлгілер маңызды факті болып табылмайды, мұнда өмірдің панорамасы арқылы жасалатын фактілер маңызды. Осылайша, шолудағы факті тұрақтылық компоненттерінің бірі ретінде көрініс табады. Е.П.Прохоров «шолудың журналистикадағы басқа жанрлардан ерекшелігі дәлелдеу мен талдау ғана емес, бірінші кезекте басты акцентті фактінің өзіне қоюында»[2,45-б],- деп атап айтқан. Сөз болып отырған жанрдағы басты мәселе «жаңа фактілер, жаңа әсерлер» болып табылады, мұндағы күнделікті, түрлі фактілерді іздестіру - бұл жерде шығармашылық жағдайдың басым болуы. Белгілі бір материалда ұсынылатын факті нысандары шолудың әртүрлі сипаттамаларына ие. Бұқаралық ақпарат құралдарының сипаты бойынша шолу жанрының мынандай түрлері бар: баспасөзге шолу, кітаптарға шолу, киношолу, радиошолу, телешолу. Мазмұнына қарай шолу жалпы, тақырыптық болып екіге бөлінеді. Шолудың пішіндеріне қарай үш топқа бөліп қарастырамыз: ақпараттық-публицистикалық; публицистикалық, көркем-публицистикалық. Жалпы шолу жұртшылық үшін шындық фактілерін көрсететін басты нысан. Басылымдарда шолушы әртүрлі саладағы адамдардың өміріне белгілі бір уақыт аралығында араласуы мүмкін. Мұнда басты міндет - өмірдің белгілі бір бөлігінің алуан түрлілігін көрсету. Тақырыптық шолулар әрқашан белгілі бір тақырып бойынша жазылады және оның кейбір аспектілерін анықтауға бағытталған. Мұнда фактілер тақырыптық бірлік қағидаты бойынша таңдап алынады және өмір құбылысының мәнін анықтауға арналған. Газет мерзімді басылымдарындағы тақырыптық шолу «газет тақырыбының қорытындыларын шығарудың ерекше тәсілі болып табылады. Мұндай шолуда көптеген шашыраңқы ақпараттық

материалдарды бір картинаға біріктіру оңай». Репортаждық шолу материалдарында (автор өзі көрген немесе оқығаннан алған әсері, сезімімен бөліседі), шолу мақала (бірінші кезекте талдау жасалады), шолу рецензия (әр түрлі жариялымдарды бағалайды) және т.б. жанрда жазылуы мүмкін. Шолу жанрының әмбебаптылығының арқасындар материалдар жан-жақты талданып жарияланады. Баспасөздегі шолудың негізгі мақсаты газеттің безендіруі, мазмұны мен сипаттамаларын кешенді талдау. Осындай материалдармен жұмыс жасау микрозерттеуді талап етеді. Шолу жазудың бастапқы кезеңінде журналист нақты бағдарлама дайындап алу қажет. Деректерді түсіндіру кезінде мәселенің объектісі мен анализін, шолудың мақсаты мен міндетін айқын анықтаған жөн. Осындай тәсіл шолушыға газет артықшылығы мен жетіспейтін тұстарын айтып қана қоймай, зерттелетін мәселенің белгілі бір үрдістерін анықтауға мүмкіндік береді. Талдау объектісі бір немесе бірнеше басылым болуы мүмкін. Шолуда басылымның идеологиялық, тақырыптық бағыты, жарияланған материалдардың жанрлық ерекшелігі, материалдарды ұсыну тілі мен стилі, дизайн компоненттері және т.б. мәселелер зерттеледі. Шолу түрлері бойынша жалпы және тақырыптық болып екіге бөлінеді. Жалпы шолуда басылымның сипаттамалық ерекшеліктері қарастырылады. Автор басылымның тұтас келбетін немесе газет топтарын оқырманға ұсынар кезде шолудың осы түрін қолданғаны жөн. Тақырыптық шолулар мәселенің белгілі бір тенденциясын анықтау үшін бағытталған. Шолуды дайындау барысында зерттелген мәліметтерді жариялап қана қоймай, автор бағалап, қорытындылап, ұсыныс білдіру керек. Тек осы жағдайда ғана тәжірбиелік маңыздылығын арттыруға болады. Шолуда көрсетілген барлық деректер талданады, салыстырылады.

Заманауи журналистикада шолуға кез-келген оқиғаны сипаттатау, зерттеу деген анықтама берілген. Бұл жанр өте кең таралған. Басылымдар телебағдарламалардың шолу мақаласын жариялайды.

Барлық газет-журналдарда жарияланады, телеарналар мен радиода көп кездеседі: «Қазақстан» телеарнасында «Таңшолпан» таңғы ақпараттық-сазды бағдарламасында «баспасөзге шолу», «Апта кз», «Мәселе», «КТК» арнасындағы «Портрет недели», «31арна» телеарнасында «информбюро» «СТФ» арнасында «Апталық шолу» т.б. Шолу жанрының ерекшелігі - қоғамдық мәселелерді көтереді, оқиғаның процесін тұтас көрсетеді. Шолу – нысанаға ілінген оқиғаны бақылау, анализдеу. Шолушының позициясы айқын көрінеді, өмір сүрудің белгілі бір кезеңін жинақтайды. Шолудың негізгі мақсаты - аудиторияны қоғамда болып жатқан процесстермен, туындаған жағдайлармен және мәселелермен таныстыру үшін уақыт пен кеңістікте біріктірілген фактілердің белгілі бір жиынтығын терең зерттеу. Негізгі феномені дәлелдер мен оқиға желісі арқылы аудиторияны белгілі бір идеяға алып келу. Көрсеткіштердің назарын аудару үшін нақты фактілермен жұмыс істейді және визуализацияның ықпалын қолданады, мәліметтерге тоқталады. Шолуда автордың оқиғалар кезінде көргені және қоғамдық пікір, әртүрлі дереккөздердегі ойлар, фактілер көрініс табады.

Шолу жанрының суреттеу позициясы көптеген қоғамдық мәселелерді айқындай тісуге қызмет етеді. Осы арқылы бұл жанрдың өзіндік мақсаты, болмысы анығырақ көрінеді. Оқиғаларды, фактілерді ұсыну кезінде автор өзінің логикасының арқасында өз позициясын шебер көрсете алады. Бір сөзбен айтқанда, шолу жанры әр шындықтың көрінісі, оның болмыс-бітімі сараптаудан тұрады.

Шолу: 1) оқиғаны белгілі бір мақсатпен бүге-шүгесіне дейін зерттейді; 2) оқиғаға толық сараптамалық ақпарат береді. Саяси-экономикалық публицистикалық шолу оқырманға айтылмыш саладағы соңғы жаңалықтарды жеткізеді. Шолудың публицистикалық жанр түріндегі ең басты міндеті сипаттаманың белгілі бір фактілері арқылы шындықтың бет-бейнесін, заңдылықтарын ашып көрсету. Шолу оқиға, құбылыс, әлеуметтік фактор, ситуациядан құралады. Мазмұны жағынан саяси-экономикалық шолу төмендегідей жіктеледі:

1. Саяси-экономикадағы-техникалық шолу – сараптамалық жанр, оқырманды мемлекеттің тарихы және экономикасы, саяси-экономикалық оқиғаларымен таныстырады. Мысалы, «Usnews»-тағы «Countries» айдары. Барлық мемлекет өміріне шолу жасаған, мәтіні

бірнеше бөліктерге бөлінген. Саяси-экономикадағы – техникалық шолудың стратегиялық мақсаты – мемлекеттің қазіргі экономикасының тарихи шолуын беру. Тактикалық мақсаты: а) аудиторияның назарын саяси-экономика өмірінің басты жоспарына кіретін маңызды фактіге аудару; б) әлемдік экономикаға баға беру, таныстыру.

2. Саяси-экономикадағы проблемалық шолу – сараптамалық жанр. Мысалы, «Заманауи экономикадағы проблемалар» журналы, «Қоғамның әлеуметтік-экономикалық проблемасы». Негізгі тақырып бірнеше тақырыпшадан тұрады, «инфляцияның әсерін» проблема ретінде көтерген.

«Әлемдік экономиканың даму тенденциясы: саяси-экономикалық көзқарас. Мақалада әлемдік экономиканың ұлттық экономикаға әсері туралы жазылған Проблемалық шолудың негізгі мақсаты – маңызды бір ғана мәселенің жан-жақты ақпарат жинап түрлі көзқарастарды көрсету. Тактикалық коммуникативтік мақсаты - қарастырылып отырған оқиғаның әлем қоғамына тудыратын залалына баға беру. Шолу экономикалық маңызды саяси мәселелердің қортындылары мен тұжырымдарынан тұрады. Шолу мәтіні сараптама мен синтез, индукция мен дедукция, салыстыру мен ұқсастықтар сияқты тәсілдерді қолданып жазылатын фактілік ақпараттан тұрады. Публицистикалық шолуда басқа жанрға қарағанда уақытша шектеулер көп кездеседі. Шолуда әлеуметтік уақыт сарыны есепке алынады. Жағдайды көпжақты талдау негізінде, теория мен нақты дәлелдер арқылы автор өзекті мәселенің шешімін табады. Шолу жазудың стандартты сыртқы композициясы бар: мақаланың атауы; лид; кіріспе; негізгі бөлім (төрттен бастап тоғызға дейін) тақырып, қорытындысымен; әрбір бөлік алдыңғы тақырыптың мазмұнын жалғастырады, бірақ басқа ракурстан; оқиғаға толық сипаттама береді.

Қорыта айтқанда, шолуда басылымның сипаттамалық ерекшеліктері қарастырылады. Автор басылымның тұтас келбетін немесе газет топтарын оқырманға ұсынар кезде шолудың осы түрін қолданғаны жөн. Шолу жанры мәселенің белгілі бір тенденциясын анықтауға бағытталады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Нургожина Ш.И., Әділбеков С.С. Баспасөз және экономика: оқу құралы – Абай атындағы ҚҰПУ. – Алматы: 2010.
2. Прохоров Е.П. Введение в теорию журналистики: Учебник для студентов вузов / Е.П. Прохоров – 7-е изд., испр. и доп. – М.: Аспект Пресс, 2009.

ӘОЖ 070:001.895

### **XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ГАЗЕТІНІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҚ СИПАТЫ**

**Ертасова Гүлжазира Құдайбергенқызы**

*[guljaz-1105@yandex.kz](mailto:guljaz-1105@yandex.kz)*

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика мамандығының

1 курс докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қ.Ө. Сақ

Алаш қозғалысы көшбасшыларының қазақ баспасөзінің өсіп өркендеуіне, дамуына қосқан үлесі зор. Әсіресе, газет атаулы қазақ еліне жаңадан еніп, таратыла бастаған тұста Алаш қайраткерлерінің жазған құнды мақалалары бүгінгі күнге дейін ұлттық журналистикада талқыланып, өзінің лайықты орнын алып келеді. Өйткені, ұлт зиялыларының қай шығармасын алып қарасаңыз да, елдің мүддесі мен әлеуметтік, саяси тың мәселелерді көтергенін байқаймыз.

Ұлттық баспасөздің алғашқы қарлығаштары ретінде «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» сынды патша жарлығы мен жергілікті жерде қабылданған қаулыларды қараша